



ИРМ

*info*

РЕПРОДУКТИВТІК МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫ



**НӨМІР КЕЙІПКЕРІ:**

**ТАХМИНА НУСУПБАЕВА:**

«17 ЖЫЛДАН КЕЙІН,  
ҚҰДАЙДЫҢ ЖӘНЕ  
ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ АРҚАСЫНДА  
МЕН ҚАЙТАДАН АНА АТАНДЫМ»

# РЕПРОДУКТИВТІК МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫ



Біздің еліміздегі әрбір отбасы шынымен де бақытты және толыққанды болуға мүмкіндік алуы үшін Репродуктивтік Медицина Институты күн сайын жаңа технологияларға қарай нық қадам басып келеді



Кепілді тегін медициналық көмек көлеміне ЭКО бағдарламаларын енгізу бойынша бастама



Әлемнің жетекші клиникаларында РМИ қызметкерлерінің біліктігін жүйелі түрде көтеру



ҚРТ бойынша Қазақстандағы жалғыз докторлық диссертация

## ЭКО орталығы



РМИ-да ЭКО табыстылығының өсу кестесі

1996 ж.

1999 ж.

1999 ж.

ЭКО бағдарламасы бойынша бірінші бала

Ооциттер донорлығы бағдарламасы бойынша бірінші бала

Жасанды аналық бағдарламасы бойынша бірінші бала

Бастапқы қаралу – 38 800 жұп

15 000 астам ЭКО бағдарламасы жүргізілді

ЭКО бағдарламасының тиімділігі – 45%

## ОПЕРАТИВТІ ГИНЕКОЛОГИЯ

10 500 операция 2010ж. бері 2800 операция ЖЫЛ САЙЫН

Жатыршілік патологияны анықтау және емдеу (кеңселік гистероскопия, гистерорезектоскопия)

Түтіктік-перитонеалдық және жұмыртқалық генезді бедеулік кезіндегі операциялар

Күре тамырларды қысу әдістемесін (ВПА және МА) қолданып, жатыр миомасы кезінде мүшені сақтап қалатын лапароскопия арқылы жасалатын операциялар, эндометриоздың ауыр түрлерін хирургиялық емдеу

Қынап арқылы жасалатын қайта құрылымдық пластикалық операциялар

Лапароскопиялық гистерэктомиялар

Жамбас түбінің кемістігі бар кезде лапароскопиялық жолмен жасалатын қайта құрылымдау операциялары

## ЕМХАНА

Жүктілік бойынша есепке алынғандар



Емхана қызметінің басым бағыты – қосалқы репродуктивтік технологиялар бағдарламасынан кейінгі жүктілікті жүргізу.

Диагностикалық зертхана барлық қажетті зерттеулерді қысқа мерзімдерде жасауға мүмкіндік береді.

Босануға дайындық мектебі әзірленген және ендірілген. Онда жүкті әйелдер мен болашақ әкелер перзентінің дүниеге келуіне дайындала отырып, жұптасып босану мен бала күтімінің тәжірибелік дағдыларына ие болады.



Дипломнан кейінгі білім беру кафедрасы

### ОҚЫТУ ЦИКЛДЕРІ

- Эндобейнехирургия, лапароскопия, гистероскопия
- Ұрпақтану денсаулығын сақтау және отбасын жоспарлау
- Ұрықты антенаталдық қорғау
- Репродуктология
- Эмбриология

РМИ қызметкерлері бүкіл Қазақстан мен Орталық Азиядағы әріптестері мен студенттерге кәсіптік деңгейін көтеруге көмектесе отырып, ұстаздық етіп келеді. РМИ іргесінде 192 маман оқудан өтіп, өз біліктілігін көтерді.

2008 жылдан бастап репродуктивтік медицина саласындағы қазақстандық мамандардың 95%-ы Репродуктивтік Медицина Институтының іргесінде бастапқы маманданудан өтеді.





Ұйымдық басылым

№2 нөмір, қараша, 2014

**Бас редактор**

Локшин Вячеслав Нотанович,  
м.ғ.д., проф., ҚР ҰҒК корр.-  
мүшесі, РМҚК президенті,  
РМИ ғылым жөніндегі директоры

**Шығарушы редактор**

Юлия Кузьмина

**Дизайн, беттеу**

Ирина Копачевская

Меншік иесі: «РМИ» мекемесі

Редакция мекенжайы:  
Алматы, Төле би, 99

**Жарнама бөлімі:**

Юлия Ахмеджанова  
(a.juliya@irm.kz)  
тел.: 234 34 34, вн. 415

**www.irm.kz**

Баспахана сында басылған  
«Print House Gerona» ЖШС  
050040, Алматы, Сәтбаев к-сі,  
30а/3, 124-кеңсе  
Тел.: 7 (727) 398-94-59, 398-94-60

Таралымы - 99 дана.

Редакция авторлардың ойын әрқашанда қолдай бермейді. Жарнаманың мазмұны үшін жарнама берушілер жауапты. Жарнама берушілер ҚР ДМ тіркелмеген, рұқсат етілмеген дәрілік құралдарды және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарнамасы үшін жауапкершілік туралы ескертілген. Материалдарды қайта басып шығарғанда «ИРМ INFO» сілтеме жасау міндетті түрде қажет.



*Балалар-адамдардың ерекше бір тобыры. Олар табиғаттың кез келген жаратылысы секілді жетілген. Олар таңқаларлық және қайталанбайды. Біз ИРМ-ге келген әр ерлі-зайыпты жұптың үйінде балалардың сыңғырлаған күміс күлкісі естілуі үшін барлығын жасаймыз.*

**Қымбатты оқырмандар!**

Біздің қайта кездесуімізге және газет туралы бірінші оң пікірге қуаныштымын. **ИРМ INFO** тек қана біздің пациенттерге ғана емес, дәрігерлерімізге, барлық қызметкерлерге қызықты болады, газетіміздің аудиториясы әр жаңа нөмірмен кеңейетіндігіне сенімдімін.

Медицинада күн сайын жаңалық пайда болады, біз алдыңғы қатарлы технологиялардан қалыс қалмауға тырысамыз. Институтымыздың қабырғасында жасалып жұмыстардың барлығы сіздердің денсаулықтарыңыз, көптен күткен балалардың туылу қуанышына жасалады.

Мысал үшін, мына жаңалықпен бөлісуге асықпын.

Жақында ғана клиникамызда Қазақстанда алғаш рет эмбриоскоп жабдығы орнатылды – бұл жабдық жаңа буынның жабдығы, ол репродуктивтік медицинадағы нағыз революцияны алып келді. Эмбриоскоп бізге жасушалы бөлінудің ерте сатыларында эмбрион қалай жүргізілетіндігі туралы маңызды мәліметтерді береді, бұрын біз тек болжағанымыз туралы байқауға нақты уақытта мүмкіндік береді. Енді осындай жорамалдар: «Оны соңғы рет қалай көргенбіз, сол кезеңнен бастап эмбрионның жағдайы қалай?» дегенді толық сенімділікке ауыстыра аламыз.

Таңқаларлығы сол, клиникамызды ана атану үшін таңдаған әйел келешекте бейнежазбаны көрсете алу мүмкіндігі бар.

Мен осыдан әрі жаңалықтарымызбен, бақытты аяқталған нақты тарихтармен, ИРМ-ның барлық оқиғаларымен таныс болу үшін қызығушылық болатындығына сенімдімін.

Редакция сіздер арқылы, сіздердің қызығушылықтарыңызсыз, пікірлеріңіз бен қатысуларыңызсыз жұмыс жасауы мүмкін емес. Егер сіздердің айтарларыңыз болса, хат жазыңыздар! Әдеттегі потшамен және электронды поштамен хат күтеміз, біз бірде-бір хаттарыңызды назардан тыс қалдырмаймыз.

Сіздердің сауықтыру жолдарыңызда, армандарыңыздың жүзеге асыруында пайдамыз тисе, біз өте қуаныштымыз.

**Локшин Вячеслав Нотанович, м. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚРМА президенті, ЭКҰ Орталығының директоры**



# ҚРМА: VI халықаралық конгрестің алдында

**Қ**азақстан Репродуктивтік медицина ассоциациясы (ҚРМА) құрылғанына 6-жыл толу мерекесін жақында тойлайтын болады және бедеулікті емдеу мен қосалқы репродуктивтік технологиялар мәселелері жөніндегі VI Халықаралық ғылыми-практикалық конгресті өткізеді. Осы жылдар ішінде ассоциация қандай жұмыстар атқарды? Конгресте қандай мәселелер қаралады? Осы туралы біздің әңгімеміз В.Н Локшинмен бірге.

**- Вячеслав Нотанович, ҚРМА алдында қандай міндеттер тұр? 6 жыл ішінде қандай жұмыстар атқарылды? Осы туралы айтсаңыз.**

- Ассоциацияның негізгі міндеттерінің ішінде – заңды шығармашылық қызметін (азаматтардың репродуктивті құқықтары саласында заңнаманы әзірлеу, бедеулікпен ауыратын пациенттерге арнайы көмек беру) қатысу арқылы бедеулікпен ауыратын науқастарға арнайы медициналық көмекті ұйымдастыру жүйесін жетілдіру, дайындықты жетілдіруде бірлесе әрекет ету, осы саладағы мамандардың кәсіби және ғылыми өсуі болып табылады.

Бедеулік бүкіл әлемдегі көкейкесті әлеуметтік мәселелердің бірі болып табылады. Сарапшылар айтуы бойынша, 12-15% жуық (аймаққа байланысты) репродуктивтік қызметтің бұзылуына алып келетін қазақстандық жұптардың мәселесі бар. Қазақстанда жыл сайын 165 000 неке тіркеледі, олардың ішінде 15 000-17 000 некеде бала туу мәселесі кездеседі. Сонымен, бұл жорамал баға. ҚР-да бедеулік эпидемиологиясы бойынша маңызды мәселелер жүргізілген жоқ. Сол кезде, ВОЗ мәліметтері бойынша, тіпті осындай таралу көрсеткіші демографиялық жағдай үшін қиын болып табылады. Сондықтан көптеген дамыған елдерде ВРТ көмегімен бедеулік терапиясын мемлекет қаржыландырады.

Бүгінгі таңда елімізде өткізілетін ВРТ бағдарламасы елеулі өсті, олардың 5000-нан астамы өткізіледі. Бюджеттік бағдарламалар саны да артқаны маңызды. 2014 жылға Денсаулық сақтау Министрлігі ВРТ бағдарламасына 650 квота бөлді, ал 2015 жылы олардың саны 750 болады.

ҚРМА мүшелерінің белсенді жұмысының арқасында, бедеулікпен ауыратын ерлі-зайыпты жұптарды және ЭКҰ орталығының мамандарын ВРТ бағдарламасына дайындау ПМСП акушер-гинекологтар позициясын жақындастырады. Осыған ҚРМА жиналыстарындағы жүйелі кездесуіміз қабілеттендіреді. Пациенттерді сапалы іріктеу және орындарда медициналық көмек көрсету мақсатымен аймақтарға мамандардың шығуы жүйелі болды.

Қазақстанда ВРТ-ның жедел дамуы Министрліктің, денсаулық сақтау және

медицина ғылымының жетекші қазақстандық ұйымдастырушылары, Ресей, Украина және көптеген басқа елдердегі ұжымдарымыздың тұрақты қолдауымен жүрде. Осыны растауға 7-8 қарашада Алматы қаласында бедеулікті емдеу мен қосалқы репродуктивтік технологиялар мәселелері жөніндегі VI Халықаралық ғылыми-практикалық конгресті өткізу болып отыр, ұйымдастырушысы ҚРМА.

Ғылыми-практикалық конференцияға әлемнің әр түрлі елдерінен жоғары деңгейлі мамандар, репродуктологияның, андрологияның, эмбриологияның, генетиканың жетекші ғалымдары –біздің достарымыз келеді. Егер өткен жылы бізге әлемнің 15 елінен ғаламдар келсе, бұл жылы жағрафиямыз елеулі кеңейеді. Біз ТМД, Израиль, Дания, Жапония, АҚШ, Германия және т.б. елдердің мамандарын күтеміз.

Ескі дәстүр бойынша ҚРМА конференциясы аясында біздің еліміздегі ВРТ жағдайына арналған Ресей, Украина және Қазақстанның бірлескен ассоциациясының отырысы болады.

Жыл сайын өткізілетін ҚРМА конференциясы акушер-гинекологтардың, репродуктологтардың, эмбриологтардың, генетиктердің, андрологтардың кәсіби тілдесуіне арналған орын болған.

**- Бәріне белгілі болғандай, бұл ауқымды шара. Конгрестің күн тәртібі туралы айтсаңыз.**

- Бедеулік себептері болып табылатын (эндометриоз, эндокринді бұзылулар, гиперандрогения және көптеген басқалар), ең көп кездесетін гинекологиялық ауруларды емдеу сұрақтарын талқылайтын боламыз, репродуктология мен эмбриологиядағы жаңа технологиялар туралы айтамыз. Генетика сұрақтары да біздің назарымызда. Преимплантациялық генетика жылдам дамуда, сондықтан Конгресс аясында преимплантациялық диагностика саласында әдістемені жетілдіру сұрақтарын қарастыратын боламыз. Бүгінде өткір мәселе - ерлер бедеулік мәселесін көтереміз.

**- Жақында Алматы қаласында ерлер денсаулығының Әлемдік конгресі болып өткендігін білемін, бедеулікке ерекше назар аударылған болатын. Осы мәселені шешу үшін РМИ қандай жұмыстар атқарады?**

- Біз осы шараға қатыстық. РМИ Қазақстанда алғаш рет ТЕЗА микрохирургиялық әдістемесін енгізді-бұл аталық ұрық без



ұлпасынан алынған аталық ұрықтар аспирациясы. Осы процедура туралы толығырақ беттен оқысыздар ред. ескертуі). Ерлердің маңызды репродуктивтік бұзылу кезінде де біз олардың әке болуына көмек бере аламыз.

Қазір РМИ базасында урологиялық орталық ашылды, ол жерде жоғары деңгейдегі мамандар жұмыс жасайды, олар уроандрология және репродуктология саласының көптеген мәселелерінде ер адамдарға көмектесе алады. Демек, әке болуы мүмкіндігін ондаған есеге арттырылады деген сөз!

**- Қазақстандағы ғылымның дамуында РМИ қандай қадамдар жасауда, осы туралы айтсаңыз.**

- Ғылыммен айналыспай, медицинаны дамыту мүмкін емес. Институтымыздың базасында дипломнан кейінгі оқыту кафедрасы ашылған, ол репродуктивтік медицина бойынша мамандар арасында пікір алысу және тәжірибе алмасу үшін әмбебап алаңға айналды. Репродуктивтік медицина саласындағы қазақстандық мамандардың 95% біздің Институтымыздың қабырғасынан алғашқы мамандануынан өтеді. Бұл репродуктологтар, биологтар, эмбриологтар, генетиктер және көптеген басқа мамандықтың дәрігерлері. Оқытатын циклдар эндобейнехирургияны, лапароскопияны, гистероскопияны, репродуктивтік денсаулықты қорғауды, отбасыны жоспарлау, ұрықты антенатальды қорғауды, репродуктологияны, эмбриологияны қамтиды.

Қазақстан Еуропалық репродуктивтік медицина ассоциациясы, Американдық репродуктивтік медицина қоғамының, Ресей адам репродукциясы ассоциациясының мүшесі болып табылатындығын атап өту қажет. Ал осы жылы, ESHRE (Адам репродукциясы және эмбриологияның Еуропалық қоғамы) мәліметіне сәйкес ИКСИ бойынша біздің нәтижелер ең үздіктер қатарынан танылған.

Ю.Кузьмина

**Р**епродуктивтік медицина институты алдыңғы қатарлы технологияларға тұрақты қарайды, жаңа зерттемелерді қарастырады және мекеме қабырғасында әдістеме мен жабдықты енгізеді, олар жүкті болу тиімділігін арттыруға көмектеседі және дені сау ұрықтың дамуын қабілеттендіреді. Осындай жаңашылдық туралы біз осы мақалада айтамыз.

## ЭМБРИОСКОП – төңкеріс құралы

ИРМ – жаңа төңкеріс құралы - эмбриоскоп – жаңа буынның құралын қолданатын Қазақстандағы жалғыз мекеме.

Бұл өз мәні бойынша инкубатор, ол өсетін эмбриондардың өсуін және дамуына арналған шартты қолдайды. Бірақ айырмашылығы бар, ол қазіргі заманауи репродуктивтік биологияда төңкеріс жасады.

Эмбриоскопқа орнатылған объективтер мен камералардың көмегімен *in vitro* ұрықтану және дамудың 5-6 күніне дейінгі кезінен бастап эмбриондар өзгерісін бақылай аламыз. Камера бірнеше минут ішінде түсірілім жасайды. Түсірілімдер соңында бейнежазбаны түзеді, онда қандай уақытта, қандай реттілікте өсуі, эмбрион жасушаларының бөлшектенуін көреміз.

Алғашқы эмбриоскоптардың бірі ВРТ бағдарламасында испандық клиникаларда қолдан бастады. Онда 5-6 күнге дейінгі эмбриондарды өсірді

және салуға ең жақсысын іріктеп алды. Одан кейін үлкен зерттеу жүргізілді, онда сол эмбриондар талдудан өткен, олар соңында жүктілікті және келесі тууды көрсетті.

Барлық эмбриондардың жарылуының ұқсас уақыт аралығы болды және басқа морфологиялық критерийлер уақытпен байланысты *time-laps* тайминглер деп аталатындығы анықталды. Эмбриологияның жаңа бағыты – морфокинетика осылай туындаған. Ретроспективті талдауды қолдана отыра, морфокинетика бізге көптеген сұрақтарға жауап береді, олар бұрында біз үшін жұмбақ болған.

Бұл жаңа технология жүктіліктің болуына мүмкіндіктің маңызды артуына мүмкіндік береді. Бір жағынан, әр күн сайын инкубатордан эмбрионды микроскоппен зерттеу

үшін алу қажеттілігі жоқ. Енді эмбрион факторлардың әсер етуіне ұшырамаған, осы даму кезеңінде оған өте сезімтал болады: температураның, жарықтың, тербелістің, дауыстың өзгерісі.

Басқа жағынан, имплантацияға арналған өте жоғары потенциалмен біз ең үздік эмбриондарды таңдап ала аламыз.

Есептелген минуттар ішінде, эмбрион нашар жағына қарай өзгеруі мүмкін, ал қандай да бір уақыттан кейін алдыңғы, қалыпты жағдайға қайта келеді. Бейнежазбаларда осы өзгерістер уақытша болуын бақылай аламыз және соңында бұрынғы ішкі түрі қайта қалпына келтірілуі мүмкін.

Болашақ ата-аналар балаларының өмірінің минуттан минутқа қалай пайда болғанын көре алатындығы маңызды болып табылады.



## MICRO-TESE – мүмкін болмайтыны мүмкін бола бастады



2014 жылдың мамыр айынан бастап жатыр биопсиясының және өсінділердің обструкциялық азооспермиясыз кезіндегі – Micro-TESE жаңа қазіргі заманауи әдісін қолдана бастадық.

Micro-TESE (Microsurgery Testicular Sperm Extraction) – бұл ZEISS-OPMI VARIO ота микроскобын қолдану арқылы жасалатын жоғары технологиялық ота.

Оталар азооспермалы (эякуляттағы аталық ұрықтардың болмауы), ерлер бедеулігінің секреторлы формасының ауыр жағдайларында пациенттерде аталық ұрықтарды алу болып табылады.

Micro-TESE – хирургиялық жолмен аталық ұрықтарды алудың ең прогрессивті тәсілі.

Отаның мәні хирург-андрологтар аталық ұрық безі ұлпаларының биопсиясын іріктеп өткізеді: ота микроскопының бақылауымен олар ең келешегі бар учаскелерді анықтайды, оларда аталық ұрықтардың жетілуі мүмкін. Отаға қатысқан эмбриолог, параллельді түрде биопсия материалын зерттейді және хирургтарға әр алынған сынама туралы нәтижесін хабарлайды.

Сонымен, келешегі бар аталық ұрықтар Micro-TESE кезінде әдеттегі аталық ұрық безінің биопсиясымен (TESE стандартты отамен) маңызды артады, ол жерде микроскопиялық техника қолданылмайды.



# Тахмина Нусупбаева: «17 жылдан кейін, Құдайдың және дәрігерлердің арқасында мен қайтадан ана атандым»

**Б**аланың өмірге келуі – бұл уақытпен, адамдармен және өзгеріспен бағынбайтын ғажап нәрсе. Әркімнің өз сәбиіне деген өз жолы бар. Осындай «міндеттер» бір-екі рет қолға тисе, онда басқа әйелдер мен отбасылық жұптар сәби сүюде жай ғана емес және ұзақ жолдардан өтеді. Тахмина Нусупбаева - өзінің армандаған мақсатына ұзақ уақыт, табандылықпен әрі қайраттанып қол жеткізген әйелдердің бірі.

- Көп уақыттан бері күткен қызым Жә миланы күту жолы орасан зор қалаумен, алып-ұшқан талпыныстан және өз мақсатыма жетуден басталды. Іштарлық та болды. Айналамда барлығы жүкті болып, сәби сүйді, мен сүйе алмадым.

Пайдасыз талпыныстардың бірнеше жылдарынан кейін уақыт ренішке, ызаға, түңілуге, түсініспеушілікке, тіпті торығуға ауысты. Сонда күту үмітсіздік пен сенімсіздікке ауысқан кезде, тек қана алға жылжуға жетелейтін сенім қалды. . .

Ал барлығы бірінші қызымның туылғанынан 8 жыл өткенде басталды, мен кенеттен жүкті болмайтындығымды түсіндім. Дәстүрлі және дәстүрлі емес медицина дәрігерлеріне ұзақ уақыттық қаралуым басталды. Маған әр түрлі диагноздар қойды: екінші бедеулік, жатыр түтігінің тарылуы. . .

Менде толық сақталған махаббат болды, мен тіпті тоты өсірдім, оған жүзеге аспаған аналық сезімім мен нәзіктігімді бердім. Менің жақындарым мен құсты жақсы көргендіктен, мені маразматик деп ойлады, онымен бала болып сөйлестім, алдандым! Сенің сақталған махаббатың құсқа берілген. Мәселе ерте ме кеш пе міндетті түрде шешіледі деп психолог маған айтты.

Мен уқалау жасадым, емдеуші әжелерге жүгірдім (егер оларға жұмсалған ақшаны есептесем, тағы бір ЭҚҰ жасауға болар еді) және Қытайда емделдім, бірақ барлығы нәтижесіз болды. Дәрігерлер гормондардың жағдайы жақсы, репродуктивті жүйе де қорқынышты еш нәрсе жоқ екендігін айтты, менің жағдайымды ешкім түсіне алмады. Бірнеше уақыт өткен соң менде эндометриоз анықталды, ал 2006 жылы Бейжің клиникасында жатырдағы өскінді байқады.



Үміттер күн сайын сөйле бастады. Торығу менің жанымды жеді, жыладым.

Алматыда маған ота жасады, барлығы ойдағыдай болды, ешқандай ісік болған жоқ, Репродуктивтік медицина институты

пайда болды. Мен тіпті ажырасуға да көндірдім, өйткені мен ешкімге керек емес екенімді, тіпті ЭҚҰ көмегімен жүкті болуға қабілетсіз екенімді түсіндім. Мен терең торығу қалпына түстім.

Балалық шақта мен көпбалалы отбасы туралы армандаған едім, мен анандан жалғыз болдым, әжемнің қолында өстім, оның 7 баласы болды. Менің үлкен қызым сол кезде 16 жаста болатын, оның 3-4 жылдан кейін ата-ана үйінен ұзатылып кететінін түсіндім, ал біз жолдасым екеуіміз жалғыз қаламыз...

Бірінші сәтсіздіктен кейін, 2010 жылдың мамыр айында мен суррогат ана болуға дайындалдым, мен екінші баламды дүниеге әкелгім келді, бірақ жолдасым мені ары қарай өз бақытым үшін күресу үшін



тына жолдама берді. 2007 жылдан бастап біздің орталықта, осында қаралдым: талдаулар, түтікті рентгенге түсіру, медициналық дәрілер.

Ал одан кейін мен ажырастым... Менің екінші рет ана болу тілегім тек жүзеге асырылмай қалды, ол маған сол кезде арман болып көрінетін.

Бірнеше уақыттан кейін менің екінші жұбайым болған ер адамды кездестірдім. Біз ЭҚҰ-ға бардық. Бірінші бағдарлама сәтсіз болды, тіпті имплантация да болған жоқ. Көз жасы, шарасыздықты сезіну, сенімсіздік

қарапайым сөзбен айтты. Ол: «Бұл соңы емес, тағы да тырысып көрейік!» - деді.

Мен танымал эмбриолог-дәрігерге,



түрік клиникасына қаралдым, ол менің талдауларымды көріп: «Алматыға барыңыздар, қазақстандық дәрігерлер бізден де мықты, сол жерде барлығы жүзеге асады. Сіздердің ЭҚҰ – орталықтарыңыз жақсы беделге және жоғары тиімділікке ие, сондықтан өз отаныңызда емдеуді жалғастырыңыз»-деді.

2010 жылдың қараша айында мен Махмет Канышевич Тумарбековқа қаралдым және ол бірден мені сенімділікке шақырды, осы хаттамада мен жүкті боламын. Мен одан қанаттанып шықтым, оң нәтижеге сенімді болғаным соншалық, жанымда күдік те болмады. ЭҚҰ екінші бағдарламасы.... Екі күндік эмбрионды салудан кейінгі 9-күн.

Міне көптен күткен тесттегі екі жолақ! Сенбейсіз бе, аяқ астынан жер дірілдеді! Жүрек дүрсілдеді, қуаныш жасы төгілді, мен осындай тәттіге, ұзақ күткен жолаққа сенбедім!

Біз жолдасымыз екеуіміз бақытымыз туралы жақындарымызға әзірше айтпауды шештік, осындай жаста ырымшыл боласың, ал форумда мен ХГЧ талдауынан кейін 30 желтоқсанда жаздым. Міне, менің 2010 жылдың есте қаларлық жаңа жылдық сыйлығым...

Үлкен қызым Камила бірінші кезде отбасымызда тағы біреудің пайда болатындығы туралы тіпті естігісі келмеді, біз оны жақсы көрмей қаламыз ба, тиісті назар бөлінбей ме деп қорықты. Бірақ одан кейін менің ішімді құшақтап, сипап, сүйді және «Ей, балық, шық, біз сені күтеміз және сүйеміз!» -деп сыбырлады.

Жүктілік уақытында 12-13 аптасында менің өт жолымда тас байқалды, асқыну болды, қорқынышты ауырсынулар жүктілікті ұзу қажеттігін білдірді, бірақ мен ешқашанда деп жауап бердім! Мен осындайға барғанша аш болғаным жақсы дедім. Мен өзімді ұстадым!

Ал менің құсым көптен күткен сәбиімнің туылуына 2 апта қалғанда өліп қалды, өз міндетін орындады...

Әр апта сайын мен өсіп келе жатқан ішімді суретке түсірдім, жүктілік кезінде



ағзада өтіп жатқан әр қозғалысына және өзгерістеріне қуандым. Ішімді маңғаздана ілгері көтеріп, мен «Мен әйелмін! Мен жеңдім!»-деп ойлады. Білесіздер ме, менде 4-жыл 8 немесе 9 тест екі ұзақ күткен жолақтарымен бірге сақталуда, оған қарау маған ұнайды-бұл қандай естелік!

Мен кесар тілігімен босандым, маған 38 жасыңызда өздігіңнен босана аласың деді, бірақ осын-

дай ұзақ күткен болжанбаған жағдайлардан қорықтым. Туу эпидуральды анестезиямен жасалды, сәбиімді көруге және сүюге берді, мен, әрине бақыттан және қуанғаннан жылап жібердім, ал медбике жасымды сүртіп тұрып: «Несіне жылайсыз, барлығы жақсы!»-деді. Мен: «Егер сіз оны қаншалықты ұзақ күткенімді білсеңіз!»-деп айттым.

Әкесі босану кезінде қатысты, көрші бөлмеде сәбиді күтті, сәбиді кеудесіне қойған. Ол маған тыныстауға қорыққанын айтты, кеудесіндегі сәбиімен тыныстамай жатқан, жүрегі сәби сырғанап кете ме деп уайымдаған.

Жәмила 26 тамызда 4 кг салмақпен және бойы 54 см болып туылды. Денсаулығы күшті, тыныш қыз. Мен ұзақ уақытқа дейін осындай сәби туғаныма сенбедім. Сағаттар бойы кішкентай, ұйықтайтын, тәтті иісті ғажапқа сүйсіне отыра алдым! Бір жасқа дейін қызым толық омырау сүтімен тамақтанды, беті толық, сүйкімді болды!

4 айында оның бірінші тісі шықты, ал 11 айында ол жүрді, бір жарым жасында біз бірге тақпақтар айттық, ал 2 жасында ұзын сөйлемдер айтты.

Жәмила өте қозғалғыш, ерке бала болды, кейде оған дауыс көтерем, бірақ сол уақытында өзімді сабама түсірем, мен оны ұзақ уақыт күткенімді есіме алам. Ал егер оны ұрыссам, содан кейін өзімді-өзім жеймін-өзіме ол саған қандай жолмен келіп еді деп, өзімді жазғырамын!

Мен өз қыздарымды бірдей жақсы көремін, әрқайсысы үшін өз өмірімді беруге дайынмын, бірақ «ЭҚҰ»-ға бірнеше жылдардан кейін келдім, ол азап шеккен және көз жасын мойындатқан және миллион дұғалардың нәтижесі, балалардың жас ерекшелігі өте саналы болады.

Жәмила өте ерке қыз, көшеде менің қолымды сүйеді, «Анашым, мен сені қатты жақсы көремін!»-дейді. Ал таңертеңгісін, менің тағы да ұйқым келіп жатқанда, ол ерте тұрып алып, менің бетімді сипайды,

сүйеді, шашымды тарайды, уқалау жасайды-бұл өмірдің бақытты кезеңдері, оларды мен жүрегіммен сезінемін!

Үлкен әкпесімен жас айырмасы 17 жыл, олардың қатынастары ең жақын әкпелі-сіңлілік қатынастар! Камила кішкентай үшін үлкен беделге ие. Тіпті бірінші сөзі де ана емес, Аля болды (яғни Камила), мен қызғанбаймын. Біздің арамыз бен Жәмила арасында үлкен айрмашылық бар, оған әкпесімен қызықты. Мейлі солай болсын. Олар ең жақын адамдар емес пе!

Қазір 3 жасқа толды, үлкен қызым өткен жылы Қазақстаннан тыс жерге оқуға кетті. Жәмила балабақшаға барады, үй бос, көңілсіз және суық болып қалды, менің қыздарым болмаса не болатын еді деп ойлаймын. Сондықтан кіші қызыммен өткізген әр минутыма ризамын.

3 жыл өткеннен кейін, мен барлық сынақтардан шыққан себептерді жиі талдаймын. Білесіз бе, біздің форумның арқасында, жаным жақын жаңа достар таптым. ЭҚҰ хаттамалары, уайымдар, жүктілік және босану-барлығын біздің форум менімен бөлісті, бұл орасан зор психологиялық қолдау болды!

Біз аналармен тығыз байланыстамыз, біздің балаларымыз дос және бірге өсуде: жиі кездесеміз, саябаққа, театрға, циркке, балалардың ойын алаңдарына барамыз. Мүмкіндігімізге қарай біздің форумның достық кездесуін ұйымдастырамыз. Жүктілікті жоспарлаған және жүкті әйелдерді қолдаймыз.

Марина Волкова босанғаннан кейін (бірінші нөмірдің кейіпкері) жүкті аналарға арналған бөлімді жүргізуді ұсынды, ең басында істей аламын ба деп күдіктендім. Бірақ бұл маған өте ұнады. Мен бөлімнің жұмысын жақсартатын жаңа идеяларды, толықтыруларды енгізуге талпындым, бір жыл өткеннен кейін біздің форумның басты модераторы болуымды ұсынды. Бұл үлкен жауапкершілік, жұмыс ғаламтор-алаңның өміріне белсенді қатысуды талап етті. Форум өміріне қатысу, қыздарды қолдау, идея мен кеңестер беру, ақпарат және талқылауға жаңа тақырыптар іздеу маған өте қызықты болды.

Қызықты сәйкестік, мен нышан деп айтар едім- ИРМ INFO газетінің бірінші нөмірі Марина Волкова туралы газет қазан айында шықты, оның сәбиі осы айда туған. Мен өз басымнан өткен жағдайды қараша айындағы шығарылымда айтып отырмын, ал менің форумдағы нигім Sweet November, мені қысқаша Ноябрьрик деп атайды.

Екінші қызымды туғанға дейінгі және туғаннан кейінгі өзімді есіме түсірген кезде ойға не келеді? Өте күшті тілек болуы қажет, бірақ жан ұшыра емес, ақырын. Арманды жасыру қажет, арман міндетті түрде орындалады. Бүгін болмаса да, ертең, бірақ міндетті түрде орындалады! Ешқандай жағдайда да берілмеу қажет. Егер сен бала туғың келсе, онда қандай жолмен болса да, ол саған келеді-бірнеше хаттамалардан, донордан немесе суррогат анадан кейін... Кез келген мүмкіндікті пайдалану қажет, қолды бос сілтемеу керек!

Тек 17 жыл өткеннен кейін, Құдайдың және дәрігерлердің арқасында мен қайтадан ана атандым. Сізге де орындалады, осыған сеніңіз және әрекет етіңіз!



## РЕПРОДУКТИВТІК МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫ

жас және дені сау әйелдер мен ерлерді жасанды ана, аналық жасуша мен шәует  
донорлары ретінде бедеулікті емдеу бағдарламаларына қатысуға шақырады

### ООЦИТТЕР ДОНОРЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- жасы 18 – 35 аралығында;
- дені сау баланың бар болуы;
- айқын көрінетін фенотиптік белгілердің жоқтығы;
- физикалық, психикалық, репродуктивтік саулығы қанағаттандырылғы екендігі медициналық ұйымның қорытындысымен расталуы тиіс



### ЖАСАНДЫ АНАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- жасы 20 – 35 аралығында;
- дені сау баланың бар болуы;
- денсаулығының бар болуы;
- психикалық, соматикалық және генетикалық аурулардың жоқ болуы;
- физикалық, психикалық, репродуктивтік саулығы қанағаттандырылғы екендігі медициналық ұйымның қорытындысымен расталуы тиіс



### ШӘУЕТ ДОНОРЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- жасы 18 – 35 аралығында;
- қалыпты органомерикалық және фенотиптік белгілерде ауытқулардың жоқтығы;
- физикалық, психикалық, репродуктивтік саулығы қанағаттандырылғы екендігі медициналық ұйымның қорытындысымен расталуы тиіс



## ЭКО МЕКТЕБІ

Құрметті емделушілер! ЭКО мектебі өз жұмысын қайтадан бастағанын хабарлауға қуаныштымыз.

Мектептің мақсаты – репродуктологтың кеңес беруі алдында емделушілерді алдын-ала дайындау, қосалқы репродуктивтік технологиялардың әдістері, сондай-ақ гистеро-лапароскопия туралы толық хабар беру.  
ЭКО мектебі – интерактивті сабақ түріндегі дәріс.

**Сабақтар РМИ емделушілері үшін ақысыз негізде алдын-ала жазылу бойынша жүргізіледі.**

**ЭКО мектебінің кестесі:**  
Күнделікті, жұмыс күндері  
9.00 – 10.30  
13.30 – 15.00

**Өткізілетін орны –**  
конференц-зал, 206-каб., 2-қабат  
Оқытушы:  
Шахнович Филипп Евгеньевич



### Қосымша ақпарат алу үшін телефондар:

+7 (727) 234-34-34    +7 (727) 234-37-37

Репродуктивтік медицина институты  
Алматы, Төле би к-сі, 99, А.Байтұрсынов к-сінің қиылысы  
[www.irm.kz](http://www.irm.kz)